

СИЛЛАБУС
2024-2025 оқу жылының көктемгі семестрі
«7M01805 - Әлеуметтік педагогика» білім беру бағдарламасы

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысы (МӨЖ)	Кредиттер саны			Кредит-тердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОМӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтары (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
95741 Білім беру жүйесіндегі әлеуметтік басқару	5	15	30	-	5	6

ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ

Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы
оффлайн	П/ЖОК компоненті	проблемалық, аналитикалық, кеңес беру дәрісі	Жеке өзіндік жұмыс, командалық жұмыс	Стандартты, жазбаша, оффлайн Univer АЖ
Дәріскер	Нургалиева Д.А. – педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы			
e-mail:	nurdolores@mail.ru			
Телефоны:	+7(702)7675044			

ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*	ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)
<p>Пәннің мақсаты: Әлеуметтік педагог қызметіндегі білім басқарудың операциялдық-ұйымдастырушылық негіздерін меңгеру. Курс магистранттарды әлеуметтік-педагогикалық және білім беру мекемелері, ұйымдар және әлеуметтік қызметтер секілді білім беру жүйесіндегі басқару ұйымдастырудың теориясы мен тәжірибесімен, білім беру жүйесіндегі басқарушылық қызметтің тиімділігі жағдайымен, көп деңгейлі білім беруді басқарудың ұйымдастырылу ерекшеліктерімен таныстырады. Оқыту процесінде теориялық мәліметтер, оқу орындарының ресми құжаттары талданады.</p>	<p>1. Әлеуметтік-педагогикалық әдіснаманың концептуалдық аппаратын, тұжырымдамаларын, әдістемелік тәсілдерін, әлеуметтік педагогикадағы принциптері мен әдістерін қолдану</p>	<p>ЖИ 1.1. (когнитивті) әлеуметтік басқарудың теориялық және әдіснамалық ережелерін, Білім берудегі менеджменттің ерекшеліктерін түсіндіреді 1.2. (функционалдық) білім беру ұйымдарында басқаруды жүзеге асыру жөніндегі нормативтік-құқықтық базаны талдайды ЖИ 1.3. (жүйелік) білім беру жүйесінің сапасын арттырудағы білім беру менеджментінің рөлін бағалайды</p>
	<p>2. Кредиттік оқыту жүйесі жағдайында дидактика білімі және жоғары білім беру тәрбие теориясына негізделген университетте педагогикалық процесті, оқыту мен тәрбиелеу саласындағы кәсіби міндеттерді тиімді шешудің жаңа тәсілдері мен әдістерін іздеуді жүзеге асыру</p>	<p>ЖИ 2.1. Педагогикалық процесті басқарудың мақсаттарын, міндеттері мен функцияларын анықтайды ЖИ 2.2. Педагогикалық процесті жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру және бақылау дағдыларын көрсетеді ЖИ 3.2. Біртұтас педагогикалық процесті басқару бойынша ұйымдастырушылық-әдістемелік ұсынымдар әзірлейді</p>

	<p>3. Жеке тұлғаның және ұжымның маңызды әлеуметтік-педагогикалық сипаттамаларын және топтық құбылыстар мен процестердің, білім беру ұйымдарының әлеуметтік қызметтерінің қызметін басқарудың әлеуметтік-педагогикалық механизмдерінің диагностикалық зерттеулермен айналысу</p>	<p>ЖИ 3.1. Педагогикалық ұжымды басқарудың ерекшелігін түсіндіреді ЖИ 3.1. Педагогикалық диагностика (мониторинг) деректерін жүйелейді, жинақтайды және бағалайды ЖИ 3.2. Тұлғааралық және іскерлік өзара әрекеттесу мәселелерін шешудегі коммуникация мен көшбасшылық қасиеттердің маңыздылығын талдайды (SWOT, PEST)</p>
<p>Пререквизиттер</p>	<p>Басқару психологиясы</p>	
<p>Постреквизиттер</p>	<p>Ғылыми-зерттеу тәжірибесі, магистерлік диссертация орындау</p>	
<p>Оқу ресурстары</p>	<p>Негізгі әдебиет: 1) Әлқожаева Н.С. Педагогикалық менеджмент [Мәтін]: оқу құралы / Н. С. Әлқожаева, Қ. Б. Жұмабекова; Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - 2-бас. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2018. - 131 б. 2) Баярыстанова Э.Т. Білім берудегі менеджмент: оқулық. -Алматы, «Қазақ университеті» баспасы, 2021. -149 бет.</p> <p>Қосымша әдебиет: 1) Афонин Ю.А., Жабин А.П., Панкратов А.С. Социальный менеджмент: Учебник. - М.: Изд-во МГУ, 2018. -320 с. 2) Социальный менеджмент. Учебное пособие / Д.В. Зайцев, Г.Г Карпова, Г.В. Лобачева и др.; под ред. П. Романова, Е. Ярославской-Смирновой. – Саратов: Саратовский государственный технический университет. - 2018.- 276 с. Sotsialnyj-menedzhment.-D.V.-Zajtsev.pdf (umc38.ru) 3) Трапицын С.Ю. Менеджмент в образовании: учебник и практикум для бакалавриата и магистратуры. - М.: Издательство Юрайт, 2017. - 413 с. 4) Баймолдаев Т.М., Безруков В.И., Носков И.А., Соловова Н.А. Педагогический менеджмент и управление развитием образования/ Коллективная монография. –Алматы- Самара, 2007, - 466 с.</p> <p>Интернет-ресурстар: http://elibrary.kaznu.kz/ru 1) Садвакасова З. М. Организационный менеджмент в образовании: схемы и таблицы: [учеб.-метод. пособие для вузов] 1635914637165.pdf (kaznu.kz) 2) Садвакасова, З. М. Педагогический менеджмент: учеб. пособие/ 1591691885482.pdf (kaznu.kz) 3) Садвакасова, З.М. Педагогический менеджмент: уроки лидерства: учеб. пособие 1635914846992.pdf (kaznu.kz) 4) Жайтапова, А. А. Уроки менеджмента в организации образования: схемы и таблицы: учеб. пособие 1632580796764.pdf (kaznu.kz) 5) Майерс Д., Туенж Ж. Әлеуметтік психология. 12-басылым. 1525416030500.pdf (kaznu.kz) 6) Қылышбаева, Б.Н. Әлеуметтік жұмыстағы ұйымдастыру, әкімшілік және басқару: оқу құралы 1582550214909.pdf (kaznu.kz) 7) Т. В. Панышина, Ж.Ж.Айтпаева Педагогикалық менеджмент: оқулық/1664264777195.pdf (kaznu.kz)</p> <p>Интернет: Лидерство и менеджмент - https://creativeconomy.ru/journals/lim/archive Научно-практический журнал «Управление» - https://upravlenie.guu.ru/jour Управление персоналом - http://www.top-personal.ru/</p>	
<p>Пәннің академиялық саясаты</p>	<p>Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады. Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді. Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді. Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі. Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка</p>	

	<p>пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.</p> <p>Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Әртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.</p> <p>Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон 87027675044; e-mail: nurdolores@mail.ru арқылы кеңестік көмек ала алады.</p>
--	---

БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі				Бағалау әдістері															
Баға	Баллдардың сандық баламасы	% мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға																
A	4,0	95-100	Өте жақсы	<p>Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.</p> <p>Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.</p> <p>Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.</p>															
A-	3,67	90-94																	
B+	3,33	85-89	Жақсы	<table border="1" style="width: 100%;"> <thead> <tr> <th>Формативті және жиынтық бағалау</th> <th>% мәндегі баллдар</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Дәрістердегі белсенділік</td> <td>5</td> </tr> <tr> <td>Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі</td> <td>20</td> </tr> <tr> <td>Өзіндік жұмысы</td> <td>30</td> </tr> <tr> <td>Жобалық және шығармашылық қызметі</td> <td>5</td> </tr> <tr> <td>Қорытынды бақылау (емтихан)</td> <td>40</td> </tr> <tr> <td>ЖИЫНТЫҒЫ</td> <td>100</td> </tr> </tbody> </table>		Формативті және жиынтық бағалау	% мәндегі баллдар	Дәрістердегі белсенділік	5	Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	20	Өзіндік жұмысы	30	Жобалық және шығармашылық қызметі	5	Қорытынды бақылау (емтихан)	40	ЖИЫНТЫҒЫ	100
Формативті және жиынтық бағалау	% мәндегі баллдар																		
Дәрістердегі белсенділік	5																		
Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	20																		
Өзіндік жұмысы	30																		
Жобалық және шығармашылық қызметі	5																		
Қорытынды бақылау (емтихан)	40																		
ЖИЫНТЫҒЫ	100																		
B	3,0	80-84																	
B-	2,67	75-79																	
C+	2,33	70-74																	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық																
C-	1,67	60-64																	
D+	1,33	55-59	Қанағаттанарлықсыз																
D	1,0	50-54																	
FX	0,5	25-49																	
F	0	0-24																	

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.

Аптасы	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс. балл
Модуль 1. Әлеуметтік басқарудың теориялық-әдіснамалық негіздері			
1	Д. Әлеуметтік басқару теориясының мәні, мазмұны және негізгі түсініктері	1	7
	С.С. Әлеуметтік басқарудың теориялық негіздері Әлеуметтік басқару ұғымы. Әлеуметтік басқару теориясын дамытудың негізгі кезеңдері мен мектептері. Жаһандану жағдайындағы әлеуметтік басқару	2	

2	Д. Әлеуметтік басқару жүйесі және оның негізгі элементтері	1	
	СС. Әлеуметтік басқарудың міндеттері, функциялары және құрылымы Басқару субъектісі мен объектісі. Басқару ықпалының мәні. Әлеуметтік басқарудың жүйелік тәсілі	2	7
	ОМӨЖ 1. МӨЖ 1 орындау бойынша кеңес беру		
3	Д. Басқару циклі және басқарудың негізгі кезеңдері: стратегиялық, ағымдағы және жедел бақылау жүйесі	1	
	СС. Әлеуметтік жүйелер мен процестер және оларды басқару Әлеуметтік басқарудың негізгі заңдылықтары және олардың жалпы сипаттамасы. Әлеуметтік менеджменттің принциптері. Әлеуметтік басқарудың негізгі заңдылықтары мен принциптерін тәжірибеге енгізу ерекшеліктері.	2	7
	МӨЖ 1. Әлеуметтік басқарудың заманауи модельдері		25
4	Д. Әлеуметтік басқарудың принциптері, әдістері мен функциялары, оның ішінде әртүрлі қызмет салаларындағы операцияларды басқару	1	
	СС. Ұйым туралы түсінік. Ұйымның негізгі белгілері Ұйымдастырушылық басқару құрылымдары және олардың артықшылықтары мен кемшіліктері Ұйымның жіктелуі. Ұйымдастырушылық өзгерістер жүргізу	2	7
	МӨЖ 2. орындау бойынша кеңес беру		
5	Д. Әлеуметтік басқару жүйесіндегі ақпараттық қамтамасыз етудің рөлі мен орны	1	
	СС. Әлеуметтік басқару жүйесіндегі негізгі ақпараттық технологиялар Әлеуметтік басқару жүйесін ақпараттық қамтамасыз ету тиімділігін арттырудың ұйымдастырушылық шарттары	2	7
	МӨЖ 2. Қазіргі жағдайда білім беру ұйымын басқарудың ерекшеліктері		25
6	Д. Ұйымдастырушылық қатынастар және ұйымдық басқару құрылымдары	1	
	СС. Ұйымдастыру түсінігі. Ұйымның негізгі белгілері. Ұйымдық басқару құрылымдары және олардың артықшылықтары мен кемшіліктері. Ұйымның классификациясы. Ұйымдастырушылық өзгерістерді жүргізу	2	7
	МӨЖ 3. Білім беру ұйымдағы көшбасшылық туралы түсінік. Ресми және бейресми көшбасшылық. Басшылықтың негізгі стильдері. Тиімді көшбасшылық: Негізгі талаптар		
7	Д. Мемлекеттік және жеке меншік білім беру ұйымдарындағы басқару үрдісі. Кәсіпкерлік ұйымдар жүйесіндегі әлеуметтік менеджменттің ерекшеліктері	1	
	СС. Шетелдік басқару модельдері және олардың даму тенденциялары	2	8
	Аралық бақылау		
Модуль 2. Білім беру жүйесіндегі әлеуметтік және педагогикалық ұжымды басқару			
8	Д. Білім берудегі менеджмент – педагогикалық жүйелерді басқару теориясы мен технологиясы	1	
	СС. Педагогикалық жүйелерді басқару тәсілдемелері	2	6
9	Д. Білім беру жүйесін басқарудың мемлекеттік-қоғамдық сипаты		
	СС. Педагогикалық менеджменттің жүйе құраушы факторлары	2	6
10	Д. Білім беру жүйелерін басқару әдістері мен формалары		
	СС. Педагогикалық менеджменттің функциялары	2	6
	МӨЖ 4. МӨЖ 3 орындау бойынша кеңес беру.		
11	Д. Педагогикалық менеджменттің заңдылықтары мен қағидаттары	1	
	СС. Білім беру ұйымын басқарудағы әкімшілік дара басшылық пен алқалылық қағидаттарының үйлесімі	2	6
	МӨЖ 5. МӨЖ 4 орындау бойынша кеңес беру		
12	Д. Білім беру жүйесін басқарудағы талдау, жоспарлау және бақылау	1	
	СС. Білім берудегі маркетинг және оны басқару	2	6
	МӨЖ 4. Әлеуметтік педагог қызметіндегі әлеуметтік-педагогикалық басқару		
13	Д 10. Білім беру сапасын басқару: мәні, жағдайы, заманауи мәселелері	1	
	СС 10. Білім беру сапасын басқару жүйесіндегі мониторинг	2	6
	МӨЖ 5. Өзін-өзі басқару және оның негізгі бағыттары. Әлеуметтік педагогтың өзін-өзі дамыту жадьнамасын құрастырыңыз		
14	Д. Педагогикалық ұжымды басқарудың әлеуметтік-психологиялық аспектілері	1	
	СС. Педагогикалық ұжымды басқарудағы ынталандыру (мотивация) теориялары	2	6
	МӨЖ 6. БӨЖ 5 орындау бойынша кеңес беру және емтиханға дайындық		
15	Д 15. Әлеуметтік басқарудағы көшбасшылық және басшылық ұғымдарының арақатынасы	1	
	СС 15. Қазіргі білім беру ұйымындағы көшбасшының функциялары	2	8
	Аралық бақылау 2		100
Қорытынды бақылау (емтихан)		100	
Пән үшін жиынтығы		100	

**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

МӨЖ1. Әлеуметтік басқарудың заманауи модельдері (презентация)

Критерийі	«Өте жақсы» 22-25 %	«Жақсы» 18-21%	«Қанағаттанарлық» 14-17 %	«Қанағаттанарлықсыз» 0-13 %
Презентацияның ақпараттылығы (тақырып пен мазмұнның өзара сәйкестігі, қойылған міндеттердің дұрыс және толықтай орындалуы, материалды зерделеу тереңдігі)	Презентация мазмұны тақырыпқа сай және қарастырылып отырған мәселе туралы анық және толық ақпарат береді, дереккөздерге жан-жақты талдау жасалған; нақты қорытындылар берілген	Презентацияда берілген ақпарат тақырыпқа сәйкес келеді және қарастырылып отырған мәселенің мәнін ашады, дереккөздерге талдау жүргізілген, қорытындылар нақты емес	Презентацияда берілген ақпаратта тақырыптан ауытқу байқалады және қарастырылып отырған мәселені ішінара ашады, дереккөздерге үстіртін талдау жүргізілген, ақпарат репродуктивті деңгейде берілген	Презентацияда берілген ақпарат тақырыпқа сәйкес келмейді және қарастырылып отырған мәселенің мәнін ашпайды, дереккөздерге тиісті талдау жүргізілмеген
Презентация рәсімделуінің талаптарға сәйкестігі	Презентация тартымды және барлық талаптарға сай рәсімделген: слайдтар саны жеткілікті (7-10), иллюстрациялар мен графика, түстер мен шрифт тиімді және үйлесімді қолданылған. Жазу айқын және нақты, APA style қатаң сақталған.	Презентация негізгі талаптарға сай рәсімделген: слайдтар саны жеткілікті (7-10), иллюстрациялар мен графика қолданылған, бірақ кейбір слайдтарда мәтінсөз басымдау. Жазу айқын және нақты, APA style негізінен сақталған.	Презентацияның рәсімделуінде талаптардан ауытқу байқалады: слайдтар саны көп/аз, мәтінсөз басым, иллюстрациялар мен графика аз қолданылған. Жазудың айқындылығы мен нақтылығын жақсарту қажет. APA style сақтауда олқылықтар бар.	Презентацияның рәсімделуі талаптарға сәйкес келмейді: слайдтар саны көп/аз, ақпарат тек сөздермен және әртүрлі шрифттермен берілген. Жазу түсініксіз, мазмұнына ілесу қиын. APA style сақталмаған.
Презентацияны қорғау кезіндегі хабарлама мен сұрақтарға жауап сапасы	Баяндау ықшамды, слайдтардағы ақпаратпен үйлесімді және оны толықтырады. Сұрақтарға толық және жан-жақты жауаптар берілді. Материал терең және берік меңгерілген.	Баяндау ықшамды, слайдтардағы ақпаратпен үйлесімді, қорытынды жалпылама түрде тұжырымдалды. Сұрақтарға толық жауаптар берілді. Материал жақсы меңгерілген.	Баяндау қысқа және еркін сөйлеу емес, негізінен, слайдтағы ақпаратты оқумен шектеледі. Сұрақтарға толық жауап берілмеді. Материал айтарлықтай толық меңгерілмеген.	Баяндау слайдтағы ақпаратты «оқып беру» арқылы жүргізілді; материалды өз бетінше жаңғыртуда өрескел қателіктер байқалады. Қосымша сұрақтарға жауап берілмеді. Материалдың елеулі бөлігі меңгерілмеген.
Ғылыми-жарияланымдық материалды талдау және жалпылау	Бірқатар сипаттамаларға (мазмұны, стилі, өзектілігі және басқалары) негізделген автордың ғылыми зерттеулеріне жан-жақты баға береді. IMRAD мақаласының өзектілігін, құрылымдық элементтерін көрсетеді	Автордың ғылыми зерттеулеріне бірқатар сипаттамалар негізінде баға береді (мазмұны, стилі, өзектілігі және басқалары). IMRAD мақаласының өзектілігін, құрылымдық элементтерін көрсетеді	Автордың ғылыми зерттеулеріне бірқатар сипаттамалар (мазмұн, стиль, өзектілік және басқалар) негізінде жан-жақты баға беру жеткіліксіз. IMRAD мақаласының өзектілігін, құрылымдық элементтерін нақты көрсетпейді	Автордың ғылыми зерттеулеріне бірқатар сипаттамалар негізінде баға бермейді (мазмұны, стилі, өзектілігі және басқалары). IMRAD мақаласының өзектілігін, құрылымдық элементтерін бөлектемейді

МӨЖ2. Қазіргі жағдайда білім беру ұйымын басқарудың ерекшеліктері (реферат)

Критерийі	«Өте жақсы» 22-25 %	«Жақсы» 18-21%	«Қанағаттанарлық» 14-17 %	«Қанағаттанарлықсыз» 0-13 %
-----------	------------------------	-------------------	------------------------------	--------------------------------

Реферат мазмұнының тақырыпқа сәйкестігі, қойылған міндеттердің дұрыс және толықтай	Рефераттың мазмұны тақырыпқа сәйкес келеді және зерттеу мәселесін толық ашады, дереккөздерге жан-	Рефераттың мазмұны тақырыпқа сәйкес келеді және зерттеу мәселесін ашады, дереккөздерге талдау жүргізілген,	Реферат мазмұнында тақырыптан ауытқу бар және зерттеу мәселесін ішінара ашады, дереккөздерге үстіртін талдау жүргізілген, материал	Рефераттың мазмұны тақырыпқа сәйкес келмейді және зерттеу мәселесін ашпайды, дереккөздерге талдау жүргізілмеген (сипаттау
орындалуы, материалды зерделеу тереңдігі	жақты талдау жүргізіліп, дәйексөздер келтірілген, нақты тұжырымдар жасалған	материал қисынды баяндалған, қорытындылар бұлыңғыр және нақты емес	қисынды түрде баяндалды, қорытындылар жасалмаған	басым), баяндау дәйектілігі сақталмаған
Реферат ресімделуінің әдістемелік талаптарға сәйкестігі	Реферат барлық талаптарға сай ресімделген. Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. APA style-ды қатаң ұстанады.	Реферат талаптарға сай ресімделген. Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. Негізінен APA style-ды ұстанады.	Рефераттың ресімделуінде талаптардан ауытқу бар. Жазудың айқындылығы мен нақтылығын жақсарту қажет. APA style-ды ұстануда қателіктер бар.	Рефераттың ресімделуі талаптарға сәйкес келмейді. Жазғаны түсініксіз, мазмұнына ілесу қиын. APA style-ды ұстануда көптеген қателіктер бар.
Рефератты қорғау кезіндегі хабарлама мен сұрақтарға жауап сапасы	Реферат мазмұны анық және логикалық тұрғыдан қисынды баяндалып, қорытындылар жасалды; сұрақтарға толық және жан-жақты жауаптар берілді. Материал терең және берік меңгерілген.	Реферат мазмұны жақсы және дәйекті баяндалды, қорытынды жалпылама түрде тұжырымдалды; сұрақтарға толық жауаптар берілді. Материал айтарлықтай жақсы меңгерілген.	Реферат мазмұнын өз бетінше жаңғырту барысында қиындықтар байқалады; баяндау еркін сөйлеу емес, оқып беруге негізделеді; сұрақтарға толық жауап берілмеді. Материал айтарлықтай толық меңгерілмеген.	Реферат мазмұнын баяндау «оқып беру» арқылы жүргізілді; материалды өз бетінше жаңғыртуда өрескел қателіктерге жол берілді. Қосымша сұрақтарға жауап берілмеді. Материалдың елеулі бөлігі меңгерілмеген.
Ғылыми-жарияланымдық материалды талдау және жалпылау	Бірқатар сипаттамаларға (мазмұны, стилі, өзектілігі және басқалары) негізделген автордың ғылыми зерттеулеріне жан-жақты баға береді. IMRAD мақаласының өзектілігін, құрылымдық элементтерін көрсетеді	Автордың ғылыми зерттеулеріне бірқатар сипаттамалар негізінде баға береді (мазмұны, стилі, өзектілігі және басқалары). IMRAD мақаласының өзектілігін, құрылымдық элементтерін көрсетеді	Автордың ғылыми зерттеулеріне бірқатар сипаттамалар (мазмұн, стиль, өзектілік және басқалар) негізінде жан-жақты баға беру жеткіліксіз. IMRAD мақаласының өзектілігін, құрылымдық элементтерін нақты көрсетпейді	Автордың ғылыми зерттеулеріне бірқатар сипаттамалар негізінде баға бермейді (мазмұны, стилі, өзектілігі және басқалары). IMRAD мақаласының өзектілігін, құрылымдық элементтерін бөлектемейді

**МӨЖ 3. Білім беру ұйымдағы көшбасшылық туралы түсінік.
Ресми және бейресми көшбасшылық. Басшылықтың негізгі стильдері
Тиімді көшбасшылық: Негізгі талаптар (жеке жоба)**

Критерийі	«Өте жақсы» 22-25 %	«Жақсы» 18-21%	«Қанағаттанарлық» 14-17 %	«Қанағаттанарлықсыз» 0-13 %
Жобаның өзектілігі, теориялық және тәжірибелік маңыздылығы, инновациялық бағыттылығы, тақырыпты зерделеу тереңдігі	Жоба мәселесі нақты анықталған және негізделген. Мақсат дұрыс тұжырымдалған. Міндеттері анық және оларды орындау жоспары берілген. Зерттеу мәселесі әртүрлі дереккөздерге (ғылыми әдебиет, нормативтік-құқықтық құжаттар) жан- жақты талдау жүргізу арқылы толық ашылған	Жоба мәселесі нақты анықталған. Мақсаты мен міндеттері дұрыс тұжырымдалған. Жобаны іске асыру жоспары пысықтауды қажет етеді. Зерттеу мәселесі әртүрлі дереккөздерге (ғылыми әдебиет, нормативтік- құқықтық құжаттар) талдау жүргізу арқылы ашылған	Жоба мәселесі үстіртін анықталған. Мақсаты мен міндеттері тұжырымдалған, алайда оларды орындаудың нақты жоспары берілмеген. Зерттеу мәселесін қарастыруда дереккөздерге талдау жасалғанымен, жалпылама сөздер басым	Жоба мәселесі анықталмаған. Мақсат нақты тұжырымдалмаған. Ұсынылып отырған ақпарат зерттеу тақырыбына сәйкес келмейді. Ғылыми және әдістемелік әдебиеттерге талдау жүргізілмеген
Жобаның өнімі ретіндегі ұсынылған бағдарламаның сапасы (міндеттері, мазмұны, іс- әрекет жоспары, ұсынылған әдіс-тәсілдер, орындау кезеңдері)	Жобаны іске асырудың толыққанды бағдарламасы жасалған. Мақсатты аудитория, күтілетін нәтижелер, орындау алгоритмі және әрбір кезеңде жүргізілетін жұмыс түрлері ұсынылып, оларға егжей-тегжейлі сипаттама берілген.	Жобаны іске асырудың бағдарламасы жасалған. Мақсатты аудитория, күтілетін нәтижелер, орындау алгоритмі және әрбір кезеңде жүргізілетін жұмыс түрлері ұсынылып, сипатталған.	Жобаны іске асырудың бағдарламасы жасалған, бірақ оның мазмұны мен жобаның міндеттері арасында сәйкессіздіктер бар. Күтілетін нәтижелер бұлыңғыр сипатталған. Ұсынылған әдістердің нәтижелілігі күмән тудырады.	Жобаны іске асырудың бағдарламасы жасалмаған. Тақырып бойынша ұйымдастырылатын жұмыстардың сипаттамасы ғана берілген және олардың жоба міндеттерімен байланысы жоқ.
Жоба авторының жеке қызығушылығы, жұмысқа шығармашылық қатынасы	Автордың жоба идеясына өзіндік көзқарасы, қызығушылығы және шығармашылық қатынасы анық байқалады. Жобаның нәтижелілігіне сенімді және оны дәлелдей біледі	Автордың жоба идеясына өзіндік көзқарасы, қызығушылығы бар, жұмыстың орындалуында шығармашылық элементтері байқалады. Жобаның нәтижелілігіне сенімді, бірақ оны дәлелдеуде қиналады.	Автордың жоба идеясына айтарлықтай қызығушылығы байқалмайды. Ізденіс жұмысында шығармашылық тәсілдің мүмкіндіктерін пайдаланбаған. Жобаның нәтижесіне немқұрайлы қарайды.	Автор жоба идеясын толық түсінбеген. Жұмыс немқұрайлы және формалды түрде орындалған. «Интернет кеңістегендегі» материалдар талдаусыз пайдаланылған.
Жобаны рәсімдеу және қорғау сапасы	Жоба барлық талаптарға сай рәсімделген. Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. APA style-ды қатаң ұстанады. Баяндама ықшамды; сұрақтарға толық және жан-жақты жауаптар берілді.	Жоба талаптарға сай рәсімделген. Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. Негізінен APA style- ды ұстанады. Мазмұны жақсы және дәйекті баяндалды; сұрақтарға толық жауаптар берілді.	Жобаның рәсімделуінде талаптардан ауытқу бар. Жазудың айқындылығы мен нақтылығын жақсарту қажет. APA style-ды ұстануда қателіктер бар. Қорғау барысында материалды өз бетінше жаңғырту қиындықтары байқалады; баяндау еркін сөйлеу емес, оқып беруге негізделеді; сұрақтарға толық жауап берілмеді.	Жобаның рәсімделуі талаптарға сәйкес келмейді. Жазғаны түсініксіз, мазмұнына ілесу қиын. APA style-ды ұстануда көптеген қателіктер бар. Жобаны қорғау оны «оқып беру» арқылы жүргізілді; материалды өз бетінше жаңғыртуда өрескел қателіктерге жол берілді. Қосымша сұрақтарға жауап берілмеді.

МӨЖ 4. Өзін-өзі басқару әлеуметтік педагогтың кәсіби өсуінің шарты ретінде (эссе)

Критерийі	«Өте жақсы» 22-25 %	«Жақсы» 18-21%	«Қанағаттанарлық» 14-17 %	«Қанағаттанарлықсыз» 0-13 %
Тақырыпты ашу тереңдігі және пайымдардың сенімділігі	Автор тақырыптың мәнін терең түсінген және негізгі мәселені нақты анықтап, оған өзінің жеке көзқарасын білдірген. Мәселені шешудің жолдары әртүрлі дереккөздерге жан-жақты талдау жасау арқылы ұсынылған.	Автор тақырыптың мәнін түсінген, негізгі мәселе анықталғанымен, оған автордың жеке көзқарасы берілмеген. Мәселені шешудің жолдары дереккөздерге талдау жасау арқылы ұсынылған.	Эссенің мазмұнында тақырыптан ауытқу бар, автор негізгі мәселені анықтағанымен, оны шешу жолдарын жалпылама сөздермен баяндаған. Дереккөздерге үстіртін талдау жүргізілген, автордың пайымы бұлыңғыр және нақты емес.	Эссенің мазмұны тақырыпқа сәйкес келмейді және негізгі мәселенің мәнін ашпайды, дереккөздерге талдау жүргізілмегендіктен, баяндау дәйектілігі сақталмаған жалпылама сөздер басым.
Пайымдардың негізділігі	Автор өзінің мәселеге көзқарасын білдіруде фактілі дәлелдер, терминдер мен дәйексөздер келтірген; салыстыру, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау сияқты тәсілдерді тиімді қолдана отырып, оған өзіндік баға берген.	Автор өзінің мәселеге көзқарасын айқындауда терминдер мен дәйексөздер қолданған, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау сияқты тәсілдерді қолдана білген, бірақ фактілі дәлелдер аз. Мәселені шығармашылық тұрғыдан бағалау байқалмайды.	Автордың мәселеге көзқарасы және оны өзіндік бағалауы жалпылама сөздермен берілген. Мәселеге қатысты ақпаратқа тиісті талдау жүргізілмеген.	Автордың мәселеге қатысты ойы өзара байланыссыз жекелеген ақпаратты сипаттаумен шектеледі. Дәлелдемелер келтірілмеген, тұжырымдар мен қорытындылар жоқ.
Эссенің талаптарға сәйкес рәсімделуі	Эссенің көлемі талапқа сай (1-1,5 бет), құрылымы кіріспеден, негізгі бөлімнен және қорытындыдан тұрады және олардың арасындағы логикалық заңдылық сақталған. Жазу айқын және нақты, APA style қатаң сақталған.	Эссе көлемінде талаптан аз ғана ауытқу бар, құрылымы кіріспеден, негізгі бөлімнен және қорытындыдан тұрады және олар өзара байланыста баяндалған. Жазу айқын және нақты, APA style негізінен сақталған.	Эссенің көлемінде талаптан айтарлықтай ауытқу бар, құрылымы кіріспеден және негізгі бөлімнен тұрады, қорытынды тұжырымдар берілмеген. Жазудың айқындылығы мен нақтылығын жақсарту қажет. APA style сақтауда олқылықтар бар.	Эссені көлемі талаптарға сай емес, құрылымдық бөлімдер арасында байланыс жоқ, қорытынды тұжырым берілмеген. Жазу түсініксіз, мазмұнына ілесу қиын. APA style сақталмаған.

МӨЖ 5. Өзін-өзі басқару және оның негізгі бағыттары. Әлеуметтік педагогтың өзін-өзі дамыту жадынамасын құрастырыңыз

Критерийі	«Өте жақсы» 22-25 %	«Жақсы» 18-21%	«Қанағаттанарлық» 14-17 %	«Қанағаттанарлықсыз» 0-13 %
Тақырыпты ашу тереңдігі және пайымдардың сенімділігі	Автор тақырыптың мәнін терең түсінген және негізгі мәселені нақты анықтап, оған өзінің жеке көзқарасын білдірген. Мәселені шешудің жолдары әртүрлі дереккөздерге жан-жақты талдау жасау арқылы ұсынылған.	Автор тақырыптың мәнін түсінген, негізгі мәселе анықталғанымен, оған автордың жеке көзқарасы берілмеген. Мәселені шешудің жолдары дереккөздерге талдау жасау арқылы ұсынылған.	Жадынама мазмұнында тақырыптан ауытқу бар, автор негізгі мәселені анықтағанымен, оны шешу жолдарын жалпылама сөздермен баяндаған. Дереккөздерге үстіртін талдау жүргізілген, автордың пайымы бұлыңғыр және нақты емес.	Жадынама мазмұны тақырыпқа сәйкес келмейді және негізгі мәселенің мәнін ашпайды, дереккөздерге талдау жүргізілмегендіктен, баяндау дәйектілігі сақталмаған жалпылама сөздер басым.

Пайымдардың негізділігі	Автор өзінің мәселеге көзқарасын білдіруде фактілі дәлелдер, терминдер мен дәйексөздер келтірген; салыстыру, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау сияқты тәсілдерді тиімді қолдана отырып, оған өзіндік баға берген.	Автор өзінің мәселеге көзқарасын айқындауда терминдер мен дәйексөздер қолданған, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау сияқты тәсілдерді қолдана білген, бірақ фактілі дәлелдер аз. Мәселені шығармашылық тұрғыдан бағалау байқалмайды.	Автордың мәселеге көзқарасы және оны өзіндік бағалауы жалпылама сөздермен берілген. Мәселеге қатысты ақпаратқа тиісті талдау жүргізілмеген.	Автордың мәселеге қатысты ойы өзара байланыссыз жекелеген ақпаратты сипаттаумен шектеледі. Дәлелдемелер келтірілмеген, тұжырымдар мен қорытындылар жоқ.
--------------------------------	---	---	---	---

Декан _____

Б.Б.Меирбаев

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
Академиялық комитет төрайымы _____

А.Б. Альчимбаева

Кафедра меңгерушісі _____

Н.С.Әлқожаева

Дәріскер _____

Д.А. Нургалиева